

«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумын өткізу ережелері (бұдан әрі – Форум) оның мақсатын, міндеттерін, форматын, оны өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2. Форумның мақсаты: Қазақстанның еңбек нарығы мен экономикасының болашағында сұранысқа ие және қажетті болашақ мамандықты сәтті таңдау үшін білім алушылардың мамандықты оқып білуге шығармашылық тәсілдемесін жандандыру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық маңызды кәсіби бағдар қызметіне тарту.

3. Форумның міндеттері:

1) өзінің өмірлік жолын, ізденіс қызметін жобалау жағдайында жүрген білім алушылардың қызығушылықтарын жандандыру;

2) кәсіби өзін-өзі анықтау сұрақтарында жоғары сыныптағылардың тиімді қоғамдық маңызды қызметін қолдау және дамыту;

3) көрнекті тұлғаларды анықтау және қолдау, кәсіби білім алуда шығармашылық қабілетті дамыту;

4) жасөспірімнің болашақ мамандық таңдауда отбасымен, мектеппен, шығармашылық ұжыммен және қоғаммен қарым-қатынастың инновациялық түрлерін дамыту;

5) білім алушылардың түрлі оқу орындарымен шығармашылық қарым-қатынас орнатуға және жұмыспен тәжірибе алмасуға ықпал ету.

4. Форумды Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту тапсырмасы бойынша **онлайн формат**ында өткізеді.

5. Форумды ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, байқауды өткізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығарады.

2. Форумды өткізу мерзімі және орны

6. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған форумға қатысу туралы іліспе хат **2023 жылғы 17 сәуірге дейін** rumcdo_nto@mail.ru электрондық поштасына қабылданады.

7. Хатқа мыналар қоса тіркеледі:

1) Форумның облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдері жеңімпаздарының Форумға қатысуы туралы өтінімі, қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны, мекен-жайы, телефоны);

2) қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3) www.youtube.com каналында орналыстырылған видео материалдарға сілтеме.

8. Форумның қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2023 жылғы 2 маусымда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

9. Форумға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

3. Форумға қатысушылар

9. Форумға облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалық форум кезеңдерінің жеңімпаздары – жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады. Байқауға қатысушылардың жас мөлшері: **11-17** жас.

10. Жалпы қатысушылардың саны – **180** адам (әр өңірден **9** қатысушы).

4. Форумды өткізу тәртібі және шарты

11. Балаларды бұқаралық іс-шараларға қатыстыру арқылы қосымша білім беру жүйесінде қамтылуын арттыру үшін Форум екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік Форум;

аудандық (қалалық) Форум;

облыстық, қалалық (Астана, Алматы және Шымкент) Форум.

2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық Форум.

12. Форумның бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі аудандық (қалалық), облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен анықталады.

13. Форум санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтау, адамдардың жаппай жиналуына жол бермеу арқылы немесе қашықтан өткізіледі.

14. Форум келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. Презентациялар байқауы:

1) «Мен мамандықты таңдаймын» - 3 қатысушы (1 қазақ, 1 орыс, 1 ағылшын тілдерінде).

Презентацияның мазмұны:

- авторға осы мамандықтың (тақырыптың) қызықтыру себебі;

- маманның, мамандық аталуының шығу тарихы;

- мамандықтың «өмірінен» белгілі емес фактілер;

- мамандықтың мазмұны;

- осы мамандық бойынша атақты адамдар;

- адамның осы мамандыққа қажетті қасиеттері, қабілеттері;

- мамандықтың оң және кері (жақсы – жаман) жақтары;

- осы мамандықты қайдан оқып алуға болады (кәсіптік білім беру ұйымдары);

- осы мамандықтың адамдары қажет салалар;

- маманның мансаптық болашағы;

- қазіргі уақытта еңбек нарығында мамандардың сұранысы.

2) «Болашақтың мамандығы...» - 2 қатысушы (1 қазақ, 1 орыс тілдерінде).

Қатысушылар келесі сұрақтарды ашады және дәлелдейді: болашақтың кез-келген уақыт кезеңі, алыс (немесе онша емес) болашақта пайда болатын өз кәсібін, оның атауын ойлап табыңыз; осы кәсіптің қызметкеріне қойылатын талаптар, оның міндеттері; қызметкердің қазіргі заманғы кәсіптердің өкілдерінен ерекшеленетін

негізгі кәсіби дағдылары, ол не істейді; не себепті сипатталған мамандық шынымен сұранысқа ие болады.

Презентация материалдарына қойылатын талаптар: презентация 10-15 слайдтан аспауы керек. Файл өлшемі-5 МБ-тан аспайды; форматы-PowerPoint; бастапқы бетте: облыс, оқу орны атау, презентация тақырыбы, автордың Т.А., сыныбы, презентацияда дыбыстық сүйемелдеуді, фотосуреттерді қолдануға болады; презентацияда бірыңғай стильді (түс, қаріп – өлшем, сызба, туралау) сақталуы көрсетілуі керек.

Презентацияны қорғау уақыты-5-7 минуттан аспауы керек.

Бағалау өлшемдері:

- ақпараттың өзектілігі: (өзекті, өзекті емес, өзектілігі аз);
- ақпаратты жобалау мен ұсынудағы шығармашылық көзқарас;
- техникалық талаптарға сәйкестілігі;
- ақпараттың логикалық және дәйекті орналасуы;
- тақырыпты ашу (мазмұнның толықтығы);
- қатысушылардың өз пікірлерінің болуы;
- слайдтар санының талаптарға сәйкестігі;
- слайдтарда мәтіндік және графикалық ақпараттың мақсатқа сәйкестігі.

3) «Менің кәсібім - менің бизнесім», бизнес-жоспардың жобасын қорғау байқауы. Қатысу жасы: 14-17 (2 қатысушы, 1 қазақ тілінде, 1 орыс тілінде)

Қорғауда қойылатын жалпы талаптар: слайд 8 беттен артық емес, файлдың өлшемі – 5 МБ, бизнес-жоспардың бастапқы бетінде облыс, оқу орнының аталуы, жобаның тақырыбы, өз аты-жөні, сыныбы, жетекшінің аты-жөні, тегі көрсетілуі керек. Презентация бір стильде жасалуы қажет (түсі, қаріп – көлемі, сызылуы, туралауы).

Бизнес жоспардың құрамы мен құрылымы: мақсаты, жобаның міндеттері, сипаттамасы, өзектілігі, жоба стратегиясы (іске асырылу мерзімі), маркетинг, өндіріс, қаржылық жоспары, қауіп-қатерді бағалауы.

Бағалау өлшемдері:

- бизнес-идеяның толықтығы, ашылуы;
- жобаның елдің заманауи экономикалық дамуы үшін өзектілігі;
- ұсынылған ақпараттың құрылымдылығы мен дәйектілігі;
- жоспарды ойластыруы, тәуекелділікті ескеруі;
- безендіру сапасы мен көрнекілігі.

Осы номинациялар бойынша презентацияларды қорғау ZOOM платформасында 2023 жылғы 03 мамырда онлайн форматта өткізіледі.

2. «Мамандық тұлғасы» бейнесюжеттер байқауы (қашықтан gumcdo_nto@mail.ru электронды поштаға жіберіледі):

- өз өлкесінің қандай да бір мамандық өкілі туралы бейнесюжет (2 қатысушы: 1 – қазақ тілінде, 1 – орыс тілінде).

Бейнесюжетте келесі сұрақтарға жауаптар болуы керек:

- сюжет кейіпкері мамандықты қалай таңдады, оның кәсіби жолы қандай?
- ол бұл мамандықты қалай жақсы көреді?
- мамандықтың қиындықтары неде?
- кейіпкер мамандықтың болашағын қалай бағалайды?

Бейнесюжеттің ақпараты бар титрлар қосылуы қажет.

- бейнесюжет авторының тегі, аты, әкесінің аты;
- бейнесюжет авторы оқитын білім беру ұйымының атауы;

- сюжет кейіпкерінің тегі, аты, әкесінің аты, кәсібі.

Бейнероликке қойылатын техникалық талаптар:

- роликтің ұзақтығы 3 минуттан аспайды;
- кадр тараптардың қатынасы: 16:9;
- стандартты ажыратымдылығы: HD, Full HD;
- форматы: MP4;
- сұхбат элементтері бар бейнеролик.

ҚР заңнамасын қандай да бір тәсілмен бұзатын экстремизмді, зорлық-зомбылықты, нәсілшілдікті, ұлтшылдықты, алкогольді, темекі шегуді, есірткіні пайдалануды насихаттайтын роликтерге жол берілмейді. Ереже талаптарына сай келмейтін жұмыстар қарастырылмайды.

Бағалау өлшемдері:

роликтің көрсетілген тақырыпқа сәйкестігі;
техникалық іске асыру: бейне түсіру сапасы;
бейне ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау (3 минуттан аспайды).

материалды берудің экспрессивтілігі (экспрессивті құралдар: графика, анимация, бейне және аудио эффектілер);

білікті мамандармен бейне сұхбат форматын сақтау: видеода сұрақтарға жауап беретін кем дегенде бір ересек адам болу керек.

15. Көрсетілген номинациялар бойынша шығармашылық жұмыстарды орындау әр команда үшін міндетті шарт болып табылады. Әр номинацияға қатысу міндетті. Бір қатысушы бір жобаны ұсынады.

5. Форум қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

16. Кәсіби әділ қазылар алқасы байқау жұмыстарын 10 балдық жүйе бойынша Форумның бағалау өлшемдеріне сәйкес бағалайды. Қазылар алқасының мүшелері бағалау парақтарын толтырады, байқау жұмыстарын бағалау өлшемдеріне сәйкес әрбір параметр бойынша балл қояды. Әділ қазылар алқасының шешімі нақты және хаттамамен ресімделеді.

17. Әділ қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Барлық қатысушыларға Форумға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

Сыйлық жеңімпазға өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізу қызметі арқылы тапсыру туралы хабарламамен жіберіледі. Сыйлықты алғаны туралы қабылдау-тапсыру актісі сыйлықпен бірге қоса беріледі.

Алушы сыйлықты алғаннан кейін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойып, Т.А.Ә. және телефонын көрсетіп, сыйлықты алғаны туралы құжаттың сканерленген нұсқасын немесе фотосын, жеңімпаздың сыйлықпен түскен фотосын rumcdo_nton@mail.ru электронды поштасы арқылы кері жібереді.

18. Дипломдар, алғыс хаттар және қатысушылар сертификаттарының электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында **2023 жылғы 02 маусымда** орналастырылады.

Анықтама телефоны: 8(7172) 64-75-89, 8 778 936 34 06.

Ережеге қосымша

«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумына қатысуға өтінім

| Номинация | Жұмыстың аталуы | Жұмысқа сілтеме | Қатысушының Т.А. | Туған жылы | Қатысушының тұрғылықты мекенжайы, электронды поштасы, байланыс телефоны | Білім беру ұйымы, сыныбы | Жоба жетекшісінің Т.А.Ә., электронды поштасы, байланыс телефоны |
|-----------|-----------------|-----------------|------------------|------------|---|--------------------------|---|
| | | | | | | | |